

# ҒИМАРАТТЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІ КӨРКЕМДІК ЖЕТІСТІГІМЕН АНЫҚТАЛАДЫ

Қазақстанның жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде сәулетші студенттерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни, Қазақстанның жоғары архитектуралық білім беру жүйесі әкімшілік жағынан да, оқу процесінде экологиялық мәселелерді қамту деңгейінде де басқа кәсіптерден айырмашылығы байқалады.

Біріншіден, ең маңызды айырмашылық — студенттер Еуропадағы жоғары оқу орындарындағыдай пәндерді өз қалауы бойынша таңдай алмайды. Олар үшін алдын ала жасалған кесте ұсынылады. Қазақстандық жүйенің бұл және теріс тұсы бар. Бір жағынан, университет студенттердің нақты оқып жатқан пәндерін оңай басқарады, сондықтан оқытуды тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін белгілі бір курстар тізбегін құра алады. Екінші жағынан, мұндай жүйемен оқу жоспарына жаңа пәндерді енгізу өте қиын, ал студенттердің басқа кафедраларда оқытылатын және бекітілген оқу бағдарламасына кірмейтін пәндер бойынша тереңірек білім алуға мүмкіндігі жоқ. Алайда, жоғары білім беру реформасы барысында 2000 жылғы мемлекеттік білім беру стандарттарының енгізілуімен ЖОО оқу жоспарларына ұлттық-өңірлік компонент курстары мен таңдау пәндерін енгізу мүмкіндігі пайда болды. Бұл белгілі бір дәрежеде қазақстандық жүйенің жағымсыз жақ-

тарын жұмсартады, оқу жоспарларына икемділік қосады. Студенттер өздері үшін қызықты пәндерді таңдай алады, ал оқытушыларға бағдарламаға жаңа курстарды енгізу оңайырақ болмақ.

Әрбір университет ғылым және жоғары білім министрілігі бекіткен «сәулет» бағыты бойынша Мемлекеттік білім беру стандарты негізінде өзінің оқу жоспарын жасайды. Мемлекеттік стандартта «сәулет» саласының мамандарын даярлау бағыты шеңберінде үш мамандық белгіленген. Олар — қала құрылысы, сәулет және сәулет ортасының дизайны. Әрбір мамандық шеңберінде ЖОО-лар «сәулет», «интерьер дизайны» және «сәулет ортасының дизайны» мамандықтары үшін «тұрғын және қоғамдық ғимараттардың архитектурасы (ТҚҒ)» және «Өнеркәсіптік ғимараттар мен құрылыстардың архитектурасы (ӨҒ)» сияқты мамандықтарды белгілейді.

Мемлекеттік білім беру стандарты сәулетшіні даярлаудың негізгі білім беру бағ-

дарламасының пәндер жиынтығына, олардың ұзақтығына және пәндер мазмұнының мнимумына қойылатын талаптарды белгілейді. Негізгі білім беру бағдарламасына компонент пәндері, университеттік компонент пәндері, студенттерді таңдау пәндері, сондай-ақ элективті пәндер кіреді.

Мемлекеттік негізде әр университет мамандарды даярлаудың өзіндік бағдарламасын оқу жоспарын әзірлейді. Бұл оқу жоспары мамандарды 5 жыл бойы оқытуды көздейді. Тәжірибелі оқытушының немесе кәсіби сәулетшінің басшылығымен дипломдық жұмыс орындалады.

Сәулет өнерінің бірегейлігі — ол әрбір сәулетші өзінің шығармашылығын білуге ұмтылуы. Кез келген ғимараттың бірегейлігі оның көркемдік жетістігімен анықталады. Бұл — ғимараттың өнер шығармасы ретінде бағаланатын бір ғана саласы. Кейде қалаға арналған бір ғана ғимарат салынуы мүмкін, ал мұндай ғимараттар сәулетте бірегейлік факторы болып қалыптасқан.

Компонент шеңберіндегі жалпы кәсіптік пәндер циклы азаматтық және өндірістік ғимараттардың дизайны, сәулеттік материалтану, геодезия негіздері, инженерлік абаттандыру және көлік, ғимараттардың инженерлік жабдықтары, құрылыс өндірісінің негіздері, тіршілік қауіпсіздігі, сәулет дизайны мен құрылысының экономикасы мен ұйымдастырылуы, сурет салу, кескіндеме және сәулет бояуы, мүсін, өнер тарихы, сәулет, қала құрылысы және дизайн, заманауи сәулет және дизайн, сәулет тарихы мен теориясының заманауи мәселелері, қала құрылысы және дизайн, сәулет және дизайн эстетикасы және тарихы қамтиды. Бұл — пәндер саны мен оқу сағаттарының көлемі бойынша ең маңызды, әрі болашақ сәулетшілердің жалпы кәсіптік даярлығын қалыптастырудағы негізгі цикл.

Студент әр жазда бір ай бойы өндірістік тәжірибеден өтеді. Бірінші курстан соң геодезиялық, екіншіде көркемдік, үшіншіде таныстыру, төртіншіде өндірістік (жобалық), ал бесіншіден кейін диплом алды мақсатында өндірістік тәжірибеге жолданады. Тәжірибе теориялық оқытуды толықтырады және студенттерге алған білімдерін нақты әлемде қолдануға мүмкіндік береді.

**Асқар МАМЫРБАЕВ,**  
Қазақстанның құрметті  
сәулетшісі,  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ**  
Сәулет кафедрасының  
аға оқытушысы